

**Мемлекеттік мүлікпен өтеусіз пайдаланудың
№162 ШАРТЫ**

Қарағанды қаласы

2023 жылғы «18» қыркүйек

Бұдан әрі «Несие беруші» деп аталатын «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ атынан Қарағанды облысы әкімдігінің 2023 жылғы 8 тамыздығы №55/07 қаулысымен бекітілген ережесі негізінде әрекет ететін басқарма басшысы Аблаева Т.Ю. бір тараптан, және бұдан әрі «Несие алушы» деп аталатын, Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы «Балқаш қаласының №2 емханасы» КМК атынан «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ басшысының 2019 жылғы «14» маусымдағы №116 бұйрығымен бекітілген, Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы «Балқаш қаласының №2 емханасы» КМК жарғысы негізінде әрекет етуші директоры А.К.Кулембаев, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі «Облыстық коммуналдық мүлік объектілерін өтеусіз пайдалануға беру туралы» №21 бұйрығының негізінде төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Шарттың мәні келесі мүлікпен өтеусіз пайдалану болып табылады: Бұдан әрі «баланс ұстаушы» деп аталатын Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицеї» КММ балансындағы бұдан әрі «Мұлік» деп аталатын Балқаш қаласы, Жидебай батыр ықшам ауданы, 13 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан ғимаратындағы жалпы аланы 32,5 ш.м., окушыларды медициналық тексерістен өткізу мақсатымен, үй-жайларын мүліктік жалдауға (жалға беруге) ұсыну шарттың мәні болып табылады.

1.2. Несие беруші Несие алушыға мүлікті тегін үақытша пайдалануға береді, ал мүліктің қалыпты тозуын ескере отырып, қандай күйде алса, сондай күйде немесе шартта ескеrtlіген күйде қайтаруға міндеттегенді.

1.3. Мұлік Несие алушыға өтеусіз иелену және пайдалануға 2023 жылғы «18» қыркүйектен бастап 2026 жылғы «16» тамызды қоса алғанда беріледі.

1.4. Несие алушы Мұліктің жай-күйімен танысты.

Мүліктің техникалық сипаттамасы Несие алушының, баланста ұстаушының өкілдерімен қол қойылған және Несие берушімен бекітілетін қабылдау-тapsыру актісінде көрсетіледі және осы шарттың ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

2. Жалпы шарттар

2.1. Несие алушы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін тапсыруға, сондай-ақ сол құқықтарды кепілзатқа беруге және оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде енгізуге құқылы емес.

2.2 ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық көмек көрсету қағидаларының 11-тармағына сәйкес, білім алушыларға, тәрбиеленушілерге медициналық қызмет үй-жайларды ұстау, тазалау, ағымдағы және құрделі жөндеу жүргізу, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу білім беру ұйымдары есебінен жүзеге асырылатыны медициналық пунктте көрсетіледі.

3. Тараптардың құқықтары және міндеттері

3.1. Несие берушінің:

3.1.1. Тараптардың келісімі бойынша Шартқа өзгертулер мен толықтыруларды енгізуге, мерзімін ұзартуға;

3.1.2. Мұліктің нысаналы пайдалануына және осы шарттың өзге талап орындалуына бақылауды іске асыруға құқығы бар.

3.2. Несие алушының:

3.2.1. Несие берушіге Шарттың мерзімін ұзартуға, өзгертулер мен толықтыруларды енгізіп немесе бұзуға ұсыныс енгізуге құқығы бар.

3.3. Несие беруші:

3.3.1. Баланста ұстаушы мұлікті Несие алушыға қабылдау-тапсыру актің бойынша тапсыруды және осы шарттың күші енген күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде оны бекіту қамтамасыз етуге;

3.3.2. Шартпен белгіленген тәртіпте Несие алушыға Мұлікпен иеленуге және пайдалануға бөгет жасамауға міндетті.

3.4. Несие алушы:

3.4.1. қабылданған Мұлікті тек сол мақсатта және Шарттың талаптарына сәйкес пайдалануға;

3.4.2. Мұлікті дұрыс күйінде ұстап-тұтуға, Мұліктің немесе онда орналасқан инженерлік коммуникациялардың бұзылуына әкеп соқтыратын іс-әрекеттерді жасамауға;

3.4.3. Несие алушының кінәсі бойынша және табиғи тозған кезде Мұліктің жеке элементтері, инженерлік құралдары қолданыстан шыққан жағдайда өз есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

3.4.4. Мұлікке және оған тиесілі жер участексіне Несие берушінің, Баланста ұстаушының, санитарлық қадағалау қызметінің және Мұлікті пайдалану және қолдану тәртібіне жататын, заңнама және өзге де нормаларын сақтауды бақылайтын мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз кіргізуге, анықталған бұзушылықтарды олар белгіленген мерзімде жоюға;

3.4.5. Шарт бойынша өз құқықтарын кепілзатқа беруге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде енгізуге;

3.4.6. Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын Мұлікпен өтеусіз пайдалану және иеленуді ұзартуға ықылас білдіргені туралы жазбаша өтініш беру. Мұндай өтініштің болмауы Несие берушіге Мұлікті басқа заңды немесе жеке тұлғаларға өтеусіз пайдалануға тапсыруға негіз береді;

3.4.7. Шарттың бұзған кезде Несие алушымен және баланста ұстаушымен қол қойылған және Несие берушімен бекітілген қабылдау-тапсыру актің бойынша баланста ұстаушыға 10 күнтізбелік күн ішінде Мұліктің орынды тозуын ескере отырып оны қандай халде алса, сондай халде қайтаруға, немесе шартта белгіленген күйде қайтаруды қамтамасыз етуге;

3.4.8. Мұлікті жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық (нормативтік көрсеткіштерден аса тозған) жағдайда қайтарған кезде зиянды өтеуге.

Жоғарыда айтылған міндеттерді бұзған жағдайда шарт бойынша жауапты Несие алушы болып табылады.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар өз міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

5. Шартты бұзудың талаптары

5.1. Несие алушының Несие берушіні шартты бұзғанға дейін бір айдан кешіктірмей жазбаша ескертіп, Шартты мерзімін бұрын бұзуға құқығы бар.

5.2. Шарт Несие берушінің бастамасы бойынша осы шартта көрсетілген Несие алушының мекенжайы бойынша ескертуді жолдау (немесе Несие алушыға ескертуді қолға беру) жолымен бір жақты соттан тыс тәртіпте мерзімін бұрын келесі жағдайларда бұзылады:

5.2.1. Несие алушының заңды тұлға ретінде жойылнуы;

5.2.2. Несие алушымен Шарттың талаптары бұзылуы;

5.2.3. Несие алушыға оның жазбаша келісімімен басқа Мұлікті ұсыну;

5.2.4. Несие берушінің атына баланста ұстаушының жазбаша өтініші бойынша;

Несие беруші Шарты бір жақты тәртіпте бұзған жағдайда Несие алушы 10 жұмыс күні ішінде Мұлікті баланста ұстаушыға 10 жұмыс күні ішінде Несие берушіге бекітуге ұсынылуға жататын қабылдау-тапсыру актің бойынша тапсыруға міндетті.

6. Ерекше жағдайлар

6.1. Шарт әрбір тарап үшін және теңгерімде ұстаушыға біреуден бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалады.

6.2. Осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қою жолымен енгізіледі.

6.3. Осы шартпен қарастырылмаған өзге де сұрақтар бойынша тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен басшылық етеді.

6.4. Мұлікті пайдаланудың өзге шарттары: жасасқан шарттың талаптары 2023 жылдың 17 қыркүйегінен бастап шартты жасасқанға дейін пайда болған қатынастарға қолданылады.

7. Дауларды қарастыру тәртібі

7.1. Осы шарттан немесе осыған байланысты туындайтын Тараптар арасындағы даулар келіссөздер жолымен шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда сот тәртібінде шешіледі.

8. Тараптардың мекенжайлары мен реквизиттері:

«Қарағанды облысының
экономика басқармасы» ММ

Қарағанды к., 2023 ж. 13 наурыз
Т.Ю.Аблаева



Қарағанды облысының денсаулық
сақтау басқармасы
«Балқаш қаласының №2» КМК

Балқаш қаласы, Злиха Сабитова ы.а. 43А
(көлі)

